



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Несие шартын өзгерту үшін не істеу керек?

Жылдың алғашқы жартысында ел азаматтарынан қаржы ұйымдарына қатысты 16 мың арыз-шағым түскен. Арнайы талдау мен мониторинг көрсеткендей, келіп түскен шағымның 70 пайыздан астамы банк секторына бағытталған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің хабарлауынша, банк секторына байланысты шағымдар саны 11 мыңнан асады және бұл 2021 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 1,7 есе көп.

«2021 жылы банк секторы бойынша 33 мыңнан астам арыз түсті. Қарыз алушылардың көбі не-



гізінен өз займдарын қайта құрылымдау немесе қайта қаржыландыру бойынша хабарласады. Сондай-ақ қаржы секторы бойынша нормативтік құқықтық актілерді түсіндіруге қатысты да сұрақ қоятындар баршылық. Бұл цифрларға қарап ел тұрғындарының бәрінің бірдей өздерінің қаржылық мүмкіндігі мен тәуекелін бағалай алмағанын байқаймыз. Кредит қанша жерден қолайлы қаржы құралы болса да, оны дұрыс пайдалануды және займ алу кезінде мұқият мән беруді қалыптастыру керек. Несие алмас бұрын өз кірісіңізді, тәуекеліңізді бағалаған жөн. Ал несие келісімшартын оқу кезінде оның әрбір тармағы мен бөліміне мән беріп, қажет болған жағдайда қосымша кеңес алу қажет. Өйткені несиеңіз кез келген түрі – үлкен жауапкершілік», дейді агенттік өкілі Александр Терентьев.

Қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында агенттік заңнамаға бірқатар түзету енгізді және өткен жылдың қазан айынан бастап несиелік ұйымдардың төлем қабілетінсіз қарыз алушы – жеке тұлғалардың қарыздарын реттеудің бірыңғай тәртібі жұмыс істей бастады. Яғни банктер мен микроқаржы ұйымдары мерзімі өткен берешек туралы қарыз алушыны берешек басталған күннен кейін 20 күн ішінде хабардар етуге міндетті. Хабарландыру ішінде мына жайттар айтылуға тиіс:

1) Туындаған кешіктірудің нақты сомасын көрсете отырып, төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігі туралы;

2) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кредиторға хабарласуы;

3) Несиелер мен микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдары туралы.

«Егер сіз займ бойынша өз міндеттемеңізді орындай алмайтын болсаңыз, онда банк немесе МҚҰ ұйымына хабарласуыңыз керек. Кредитордан қашуға болмайды. Тығырықтан шығып кету – сіздің ғана емес, кредитордың да мүддесі. Сондықтан қарызды шешу бойынша шаралар неғұрлым тез қабылданса, соғұрлым қарызды өтеудің өзара қолайлы нұсқасы тезірек табылады», деді А.Терентьев.

Агенттік мәліметі бойынша, 2022 жылдың басынан бері қаржы ұйымдары жасалған келісімшарттардың шарттарын өзгерту бойынша 68 мыңнан астам қарыз алушы хабарласқан. Олардың қарыз мөлшері 123,5 млрд теңгені құраған. Шағымдарды қарастыру нәтижесінде 40 мыңдай жеке тұлғаның өтініштері қабылданған. Өзге шағымдар бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Өңір кәсіпкерлері көш бастап келеді

Ел экономикасының қозғаушы күштерінің бірі саналатын бизнес саласы жыл өткен сайын өркен жайып келеді. Мемлекет тарапынан беріліп жатқан түрлі жеңілдіктер мен бағыт-бағдарлар бүгінде өз жемісін бере бастағандай. Қай кезде де көш басынан көрініп жүрген Түркістан облысы шағын және орта бизнесті өркендету көрсеткіші бойынша да озық шығып, еліміздегі үздік үштіктің қатарынан көрінді.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев өңір кәсіпкерлерімен болған кездесуде бұл саладағы жетістіктерді айтып қана қоймай, алдағы уақытта атқарылатын ауқымды міндеттерге де тоқталды.

– Түркістан облысында халық саны күннен күнге көбейіп келеді. Ол – қуанышты жағдай. Енді сол елге қажетті жұмыс орындарын, өндіріс орындарын көбейтуіміз керек. Түркістан өңірінің тұрғындары қашан да кәсіпкерлікке бейім болған. Кәсіпкерлік субъектілері саны жөнінен облысымыз Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан кейінгі үшінші орында тұр. Кәсіпкерлер саны биылғы жылдың өзінде он мыңға өсіп, 155 мыңға жетті. Сондықтан біз кәсіпкерлікке үлкен маңыз беріп, «Қарапайым заттар экономикасы» мен «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламалары арқылы қолдау көрсетіп отырымыз. Түркістандағы құрылыстарды де жергілікті кәсіпкерлер атқарып жатыр, – деген Өмірзақ Естайұлы өңірде «Кәсіпкерлік қырандары» атты жобаны іске қосқанын, онда кәсіпкерлер ізденіс үстінде жүрген жастарға өз білгендерін үйретіп жатқанын тілге тиек етті.

Кездесу барысында бизнес өкілдерінің ұсыныстары мен пікірлері, өтініштері мен тың идеялары да назардан тыс қалмады. Жиынға «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мақсат Қиқымов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қайнар Абасов және өңірлік кеңес мүшелері, жеке кәсіпкерлер, облыстық мәслихаты депутаттары мен қаржы институтта-

рының басшылары қатысты. Өз кезегінде облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нақыпбеков атқарылып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.

–Түркістан облысында кәсіпкерлерді қолдау мақсатында қолға алынып жатқан жұмыстар көп. Мәселен, бұрын бұл қалада екінші деңгейлі банктердің толыққанды филиалдары жоқ еді. Бұл мәселе Ұлттық банк тарапынан қолдау тауып, «Халықбанк», «Фортбанк», «Жусанбанк», «БанкЦентрКредит», «Сбербанк» филиалдары ашылды. «Кең дала» бағдарламасы аясында көктемгі дала жұмыстарына бөлінетін қаражат мәселесі осылайша оңай шешілді. Сондай-ақ, жылыжайларда тұқымдар мен тыңайтқыштарды субсидиялауға қолдау көрсетіліп келеді. Статистикаға жүгінетін болсақ, облысымызда қазіргі таңда 160 мыңға жуық кәсіпкердің 52 пайызы ауыл шаруашылығы саласында қызмет етіп жүр. Биылдың өзінде біздің палата кәсіпкерлерге тоғыз мыңнан астам ақпараттық қамтамасыз ету қызметін және бір мыңнан астам сервистік қолдау қызметтерін көрсеткен екен. «Атамекен–Түркістан» МҚҰ қазіргі таңда 226 жобаны 1,8 миллиард теңгеге қаржыландырды, – деді ол.

Кездесудің күн тәртібінде колледждерді сенімгерлік басқаруға беру, Түркістан индустриялық аймағында орналасқан кәсіпорындардың проблемалық мәселелері, Түркістан қаласында қолөнершілер орталығын ашу және өзге де мәселелер талқыланды. Жеңілдетілген несие, субсидия түйткілдері де сөз болды. Еркін форматта өткен кездесуде кәсіпкерлер көптен бері көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Сол күні облыс орталығында «Кәсіпкерлік қырандары» жобасының III кезеңі өтіп, онда облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев бұл жобаның кәсіпкерге берері көп екенін айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл жобаның бір ерекшелігі – ірі бизнес өкілдері қаржысы жоқ,

бірақ идеясы бар жас кәсіпкерлерге жол көрсетіп, қолдау білдіреді. Аталған жұмыс бойынша бүгінде 44 миллион теңгеге 16 жоба мақұлданып, бизнес бастаған жас кәсіпкерлер өз өнімдерін шығарып жатыр.

Иә, әрекеті бар адамдарды кәсіпкерлікке тартып, олардың бизнес идеяларын қолдау үшін мемлекет тарапынан да көптеген мүмкіндіктер қарастырылған.

Айталық, «Қарапайым заттар экономикасы» арқылы кәсіпкерлер 47 миллиард теңгеге жеңілдетілген 6 пайызбен несие алған болса, «Бизнестің жол картасы–2025» арқылы жыл соңына дейін 40 миллиард теңге беру жоспарланған.

Ал, «Кәсіпкерлік Қырандары» жобасы бірінші кезекте стартап жобалар үшін қажетті қаржылай қолдау болса, екінші кезекте қаржы салымын жасаған менторлар үшін де инвестиция көзі деп айтуға болады. Яғни, екі тарапқа да тиімді.

Жобаның осы кезеңіне «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мақсат Қиқымов пен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қайнар Абасовтың қатысқанын да айта кетейік. Тағы бір айта кететін мәселе, өңірдегі бизнес саласын одан әрі өркендетіп, жас кәсіпкерлерге жол көрсетуді мақсат еткен жобаны облыстық кәсіпкерлер палатасы мен облыс әкімдігі жүзеге асырып отыр.

Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Кәсіпкерлік Қырандары» жобасының үшінші кезеңінде жеті жоба ұсынылған екен. Атап айтсақ, медициналық қалдықтарды жоятын цех, жарқыраған тротуарлық жол плиталарын шығаратын цех, «Тармақтар» кітабы, қолдан ұрықтандыру және ветеринарлық станция, ғарыштық байланыс және спутниктік робототехника кешені, «Есо-Protect» дөңгелектерді қайта өңдеу жобасы және мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті әмбебап монша салу бастамасы ұсынылды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.

ОҢАЙ ОЛЖАҒА ҚЫЗЫҚПАҢЫЗ!

Соңғы жылдары елімізде алаяқтық қатысты қылмыстардың құрбаны болып жатқан жерлестеріміздің саны күннен күнге арту үстінде.

Қарапайым тілмен айтқанда алаяқтық - алдау және сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкін ұрлау болып табылады.

Оның бүгінгі таңда ең кең таралып жатқан түрі және өте қауіптісі - ол әлеуметтік желіні пайдалану арқылы жасалатын ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ!!!

Олардың арбауына түсіп қалып жатқан адамдар аз емес, оның торына кез келген азаматтың түсуі мүмкін.

Себебі, көпшілік жағдайда азаматтар бұл қадамға жеңіл пайда тауып, тез байып кетуді және өзінің проблемасын оңай шешуді мақсат етіп, соңында алаяқтың құрбаны болып жәбір шегуде.

Әдетте қылмыскерлер әлеуметтік желілер арқылы жалған интернет жарнама орналастырады немесе аккаунттар мен арнайы бет парақшалар ашып, сайт жасап алады.

Ең жиі кездесетіндері «БАНК ҚОҢЫРАУЫ»!!!

Бұл соңғы жылдары алаяқтықтың ең көп тараған түрі.

Әрбір қазақстандық банк қызметкерлерінен қоңырау алып, ең болмағанда мұндай оқиғаны туыстары мен достарынан естіген болар.

АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ?

Ең алдымен Сіздің телефоныңызға қоңырау шалады.

Қоңырау шалушы өзін банктің қауіпсіздік қызметкері деп таныстырады. Телефон арқылы сөйлесу кезінде алаяқтар жеке деректеріңізді біліп алуға тырысады. Алаяқтардың ақпарат алу үшін айтатын бірнеше «оқиғасы» бар:

- Сіздің шотыңызда күдікті транзакциялар анықталды!!! Шотта күмәнді әрекеттер орын алғанын хабарлайды. Ақшаның аударылуын немесе алынуды болдырмау үшін алаяқтар жеке деректерді сұрайды. Құпиясөзді өзгертуді және өздеріне банктен келген құпия кодты жіберуді ұсынады. Ақпарат алған соң алаяқтар Сіздің атыңыздан несие рәсімдеп немесе шотыңыздан өздеріне ақша аударып алады.

- Алаяқтар Сіздің жеке кабинетіңізге кіруге тырысады!!! Жалған банк қызметкерлері кедергілердің алдын алғысы келеді. Сізге қосымша орнату арқылы шоттарыңыз бен салымдарыңызды қорғауды ұсынады. Шын мәнінде, зиянды қосымшалар сіздің телефоныңызда сақталған шотыңыз, құпиясөздеріңіз туралы ақпаратты алып, деректерді алаяқтарға жібереді.

- Шотыңыздан Сізге тиесілі ақша ұрланды!!! Осы сәтте алаяқтар Сіздің шотыңыздан ақша аударуға тырысып жатқаны туралы жалған мәліметті хабарлайды. Жинақтарыңыз өзіңізде қалу үшін ақшаны «АЙНА ШОТЫНА», «САҚТАНДЫРУ ҰЯШЫҒЫНА», «САҚТАНДЫРУ АГЕНТІНЕ» аудару қажеттігін Сізге ұсынады. Осылайша Сізді жалған шотқа немесе тікелей алаяқтарға ақша аударуға мәжбүрлейді.

- Ақцияға қатысуды ұсынады!!! Көбінесе мұндай хабарламалар мессенджерлер немесе әлеуметтік желілердегі жеке хабарламалар арқылы жіберіледі. Сіз болмайтын ұтыс ойынына сілтеме жасағаннан кейін жеке және банк деректерін енгізуді ұсынады. Кейде жіберген сілтеме қызмет көрсететін банк сайтына ұқсас болуы мүмкін. Деректерді енгізсеңіз алаяқтар шотыңыздан ақша және Сіздің атыңыздан несие алуы мүмкін. Оған қоса құрылғыңызға вирус кіріп, жұмысын тоқтатуы мүмкін немесе оны алаяқтар өз мақсаттары үшін пайдаланады.

Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық

іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады.

Бір ғана мысал, алаяқтар сенімге кіру немесе алдау тәсілін пайдаланып, азаматтарды қайтарымсыз ақша бар екендігіне сендіріп, олардың жеке ұялы телефондарын алу арқылы аттарынан жеке кәсіпкерлік ашады, сондай-ақ «KASPI BANK» интернет дүкені арқылы белгісіз заттарға тапсырыс беріп, осы берілген заттарды «KASPI BANK» арқылы төлейді.

Алаяқтар есеп-шоттарына түскен ақша қаражаттарын басқа да өздерінің «KASPI GOLD» шоттарына аудару арқылы алған заттарын түрлі сипаттағы сылтаумен кері қайтарып, есеп шоттағы ақша қаражаттары болмағандықтан, жеке кәсіпкердің шотына ақша аударым жасап, жәбірленуші тарапқа кестеге сай несие рәсімдейді.

Кейін алаяқтың қайтарымсыз ақша деген сенімі жоққа шығып, жәбір шеккен азаматтармен арыздануға алып келеді.

«КОМПЬЮТЕР», «СМАРТФОН», «ПЛАНШЕТ» пайдаланатын адам кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айнала алатынын ескерту керек!!!

Сондай алданып қалған адамдардың арыздарының көбін тексерген уақытта тергеу органдарына қылмыскерлерді анықтау қиынға соғып жатады, өйткені олар тек біздің елде емес, басқа да елдерден шыққан алаяқтар екендігі анықталып жатады.

Тәжірибеде ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған кеңістік - ОНЛАЙН САУДА!!!

Әсіресе сұранысқа ие «INSTAGRAM», «FACEBOOK», «WHATSAPP» арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалуда, онда кімнің ақ, кімнің қара екенін ажырату өте қиын.

Киімдер, автобөлшектер, күнделікті тұрмыс заттарын сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты меңгеріп алған.

Бұдан басқа, азаматтардың құжаттарының көшірмелерін пайдаланған интернет алаяқтар құрбандарының атынан шұғыл онлайн-несие рәсімдеп, жәбірленушілер қарызға батып, ешқандай дәлелдеме ұсына алмаған соң өздері төлеп шыққан фактілер де облысымызда аз емес.

Тергеу барысында несие рәсімделген құжаттарды иелерінің бір кездері жоғалтып алғаны не телефон арқылы «несие мәселенің болса шешіп беруге көмек етемін» деген бір ауыз сөзге сеніп, сөздерін растайтын ешқандай құжаттарын тексерместен, ол адамды көзімен көрмесе де, онымен келісім-шарт жасамаса да жеке куәлігін «WHATSAPP», «TELEGRAM» желілері арқылы жіберіп, артынан өкініп жүргендер де аз емес.

Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, СМС және басқа да хабарламаларға сенбеу.

ОСЫ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ӘР АДАМ АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІН ҚОРҒАП ЖҮРЕ АЛАДЫ!!!

Түркістан облысы прокуратурасы.



Аудан әкімі егіс алқабын аралады

Теріскейлік шаруалар егін жинау науқанын бастап кеткеніне оншақты күннің жүзі болды. Жон бойында ауданның 77 шаруа қожалығы 8010 гектар тәлімі жерге егін егіп отыр. Олар бидай, арпа, мақсары мен мал азығы дақылдарын екті. Жоңырашқаның алғашқы ору науқаны мамыр айының соңында басталған. Қазіргі таңда арпа, бидай дақылдарын орып жатыр.

Өткен аптаның жұмасы күні аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы, жон бойындағы Жартытөбе ауыл округіне қарасты «Аманжол Ш» шаруа қожалығының егіс басына барды. Онда ауыл округіне қарасты шаруа қожалық иелерімен сөйлесті. «Кенеттен жауған жауын оруға аз кедергісін келтірді. Бірақ бірер күнде шашпай-төкпей жиын-терінді аяқтап қала-

мыз», - дейді шаруа қожалық төрағасы Ержан Сүлейменов.

Сондай-ақ аудан басшысы Құмкент ауыл округіне қарасты «Құмкент» өндірістік кооперативінің егіс басына ат басын бұрды. Егіншілермен әңгімелесті. Өндірістік кооператив төрағасы Әбдісалам Молдабеков, «Биылғы өнім жақсы. 800 гектарға дәнді дақылдар мен мал азығы егілді. Кооператив құрамында 80-ге тарта отбасы кіреді. 5000 бас малымыз бар. Алда ауылшаруашылық техникаларын жаңалауды жоспарлап отырмыз», - дейді.

Аудан шаруалары жон бойына 285 гектар бидай, 972 гектар арпа, 1127 гектар мақсары мен 5526 гектарға мал азығы дақылдарын екті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жемқорлыққа жол жоқ

Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 48-тармағында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда қоғамдық кеңестің рөлін күшейту тапсырылған.

Созақ аудандық сотының ғимаратында, сот төрағасы Ақылбек Дауренбековтың бастамасымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ал-

қағамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бағытында өзара әрекеттесу алгоритмін алға тартып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасын таныстырып және оны талқылап алдағы уақытта тәуекелдерді жоюға бағытталған жұмыстарды бірлесіп жүзеге асыруға шақырды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа байланысты қозғалған істер мен іс шаралар еске алынып, болдырмау және алдын алу жоспары бойынша прокуратура, полиция қызметкерлері ойла-



дын алу, болдырмау бағыты бойынша дөңгелек үстел болып өтті.

«AMANAT» партиясы жанынан құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңестің төрағасы ретінде аудан аумағында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде Қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту, осы бағытта жұмыс тиімділігін арттыру мәселелерін талқылау мақсатында іс-шараға қатыстым. Сондай-ақ, дөңгелек үстелге, аудандық прокуратура, полиция қызметкерлері де қатыстырылды. Аудандық сот төрағасы А.Дауренбеков

рын ортаға салып, атқарылған шараларды атап өтті. «AMANAT» партиясы жанынан құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы ретінде кеңестің жұмыстарын атап өттім.

Жемқорлық-індет, оны болдырмау баршамызға міндет.

**Нұржамал МАЙУСОВА,
«AMANAT» партиясы жанынан
құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің
төрағасы.**

Мал бағу-мәнсіз кәсіп пе?

Өткен жылдармен салыстырғанда мал басында өсім бар. Шаруа қожалықтарының да саны артты. Оларға гектарлап жер берілуде. Бұл дегеніңіз ауданда мал бағуды кәсіп етушілердің қатары көбейген деген сөз. Несін жасырайық, бүгінде жоғары немесе арнаулы білімді мамандарды айтпағанда, қарапайым шопан табу үлкен өзекті мәселеге айналды. Қай шаруашылыққа барсаң да қожалық жетекшілері мал бағатын, соның ішінде қой малын бағатын адамның жоқтығын айтады. Ауылда бос жүрген кезтаныс жандарды әкелгенімен, көп тұрақтамайды. Сондықтан, қаладан, басқа аудандардан, тіпті сенімсіз болса да жұмыс іздеп жүрген өзге ұлт өкілдерін әкелуге мәжбүр. Ауылдық жерде екі қолға бір күрек таба алмай қалада көтерме жұмыс жасап жүрген азаматтар жетерлік. Бірақ олар шаруашылықтарға барып қой бағудан қашады. Себебі, күні бойы малдың соңынан еріп жүру оңай емес, екіншіден көпшілігі еңбекқорларын толық әрі уақытылы ала алмайды. Әрине, малды бағу, ала жаздай оның жем-шөбін дайындау оңай шаруа емес. Әсіресе, басқа түліктерге қарағанда қой малын бағу қиындау екені рас. Дегенмен, жұмыссыз жүргеннен жақсы емес пе?! Сондай-ақ, мал иесі мен малшылар арасындағы келісім көбінесе ауызша жасақталады да, зейнетақы қорына ақша аударылмайды. Осыдан келіп шопан қартайғанда, зейнетақысыз қалады. Бұған дейін жем-шөп дайындауға, мал басын асылдандыруға және басқа да ауыл шаруашылығы жұмыстарына беріліп келе жатқан субсидияның қысқартылуы да шаруагерлер үшін тиімсіз болды. Бұл қаражатпен олар мал бағушылармен есептесіп, басқа да қажеттеріне жарататын. Әйтпесе, өсірген малдарын сату, оның өнімдерін өткізу де қиындық тудырып, уақытында қолдарында қаржы болмағандықтан мал бағушылардың жалақыларын кешіктіреді. Сондықтан, мал шаруашылығын дамытуға мемлекеттік тұрғыда көзқарас қажет.

Өмірін малсыз елестету мүмкін болмаған ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпақтары мал бағуды жұмыс деп қабылдамайтын секілді. Мал соңында жүргенді өздеріне ар санайтындар да кездеседі. Негізінен ауылдық жерлерде мал бағып, оны бордақылап сою немесе сату аса қиындық келтірмейді. Өйткені, ауылда малды ұстауға ыңғайлы орындар табылады. Бірақ осы бір мүмкіншілікті пайдаланып, кәсіп ететін жандар табылмайды. Ауыл әкімдерінің есепті хабарламаларында пәлен адам жұмыссыздар есебінде тіркеліп, түген адамға жұмыстар ұсынылды деп айтылып, жазылып жатады.

Сонда бұл азаматтар жыл бойы жұмыссыз атанып, өздігінен кәсіп етпей, жұмыссыздар есебіне тіркелумен шектелген. Кейбір тепсе темір үзетін жас жігіттерден «Жұмыссыздар есебіне тіркеліп қойдым. Өндіріске он бес күндік жұмысқа кіруім керек» деген әңгіме естиміз. Олардың түсінігінше, жұмыс дегеніміз тек вахталық әдіспен еңбек етіп, айдың соңында жалақысын алу секілді. Сонда жеке кәсіппен айналысу, мал бағу, өз бетінше әрекет етіп нан табу жұмысқа жатпайды ма дерсің.

Қолдағы азын-аулақ малмен шаруа қожалығын құрғаныма біраз жыл болды. Алғашқы да өзіміз бағатынбыз. Уақыт өте келе несие алып, мал басын көбейтуге жұмыстандық. Шаруашылық үлкейген сайын жұмыс ауқымы да кеңейіп, қосымша күш қажет болды. Әсіресе, қой-ешкі малын бағу қиындық келтіре бастады. Сөйтіп, мал



бағатын адам іздеуге кірісіп, ауылда бос жүрген жас жігіттерді немесе отбасылы азаматтарды жұмысқа тарттық. Алайда, олар көп тұрақтамайды. Әрі кетсе бір жыл ғана шыдайды. Жалақының аздығынан болар деп еңбекақыны көбейттік. Қазір мал бағуға келетін адам 100 мың теңге алады. Тамағы, темекісі сыртында. Қой төлдету кезінде қосымша бес қозы береміз. Ал, ол күзде тоқты болады. Қожалық малымен бірге бағып, кез келген уақытта қажетіне жаратады. Біз аса адам таңдамаймыз. Оған мүмкіндікте жоқ. Әйтеуір алдындағы малдан айырылып қалмай, көмекшілікке жараса болды. Ал мал бағып көрмеген көп жігіттер қиындыққа шыдай алмай уақытша істеп, кетіп қалады. Малшы ауыса бергеннен кейін малдың күйі де кетеді.

Қазір малды өсіру, көбейту деген ұғымдар қалғандай. Жастар өскеннен кейін оларға мал керек емес сияқты көрінеді. Дүкендердегі дәмді болғанымен нәрсіз дайын өнімдерді пайдаланып жүргеннен кейін бейнеті көп мал бағуды неғылсын. Осыдан екі-үш жыл бұрын Голландия еліне барғанда, оларда мал өсіру атадан балаға мирас болып келе жатқанын байқадым. Бұл дәстүрді қалыптастыруға тиістіміз. Сондықтан, ата кәсібімізден айырылып қалмау үшін балаларды жас кезінен «Мынау сенің қойың, сиырың немесе жылқың. Осы малды бақ, өсір, көбейт. Ертеңгі күні бұл сенің болашағың», деген түсінікпен өсіру керек. Сондай-ақ, жұмыспен қамту мақсатында жұмыссыздарды біз секілді еңбек адамына мұқтаж шаруашылықтарға жіберсе дұрыс болар еді. Заңды түрде келісімшарт жасап, қосымша еңбекақысын, зейнет жарнасын төлеуге болады. Жақсы еңбек етсе қосымша ақы да төленеді. Тиісті орындар осы жағын қарастырғаны жөн, дейді «Сенім» шаруа қожалығының жетекшісі Еркін Асан.

Қазіргі таңда «Мал бағуға адам таба алмай жүрміз. Ешкім шықпайды», – деген әңгімені жиі естіп жатамыз. Әсіресе, жастар мал бағуға бармайды деп ренжиміз. Бірақ жастардың бәрін бірдей жазғыруға да болмайды. Менің ойымша, негізінде мал бағатын жастар да, орта жастағы адамдар да бар. Әйтсе де, еңбек ақының дұрыс төленбеуінен олар барған жерлерінде көп тұрақтамай жатады. Мәселен, менің бір танысым отбасымен шаруа қожалығында қой бақты. Бірақ жоғарыда айтқандай айлықтарын дұрыс төлемегендіктен мал бағудан бас тартып, ауылға қайтып келді. Оның айтуынша, шаруашылық иесі ақысын төлеп отырмын дегендей демалыссыз мал бақтырып, басқа да жұмыстарды жасатады. Еңбекақы төлер кезде

түрлі сылтаулар айтып толық бермейді немесе кешіктіреді. Осыдан келіп шаруашылықтарға барып мал баққаннан гөрі үйлеріндегі азын-аулақ малдарын қарап, басқа кәсіп істегенді жөн көреді. Сайып келгенде, мал иесі адал еңбек ететін жандарды өздерінен алыстатып алады. Сөйтіп, оларға ішімдікке әуестіктен отбасына сыйыңқырамай жүрген, жұмыс істеуге құлқы жоқ жандар тап болады. Күндік үшін келген олар жұмыс істеп жарытпайды. Қыс мезгілінде ішетін тамақ, қонатын басына керек болған соң амалсыз жүре береді де күн жылына бергенде ақысын алып кетіп қалады. Әрине, жұмысшыларының еңбегін бағалап, жалақыларын толық төлейтіндер де жеткілікті. Округте шаруашылық құрып, ауызбіршілікпен төрт түліктерін көбейтіп, мал шаруашылығын дамытуға үлес қосып жүрген ағайынды жандар да бар. Оларға мал төлдету, шөп шабу секілді науқандық жұмысқа барғандар да тиісті еңбектерін алып келеді. Негізінен, еңбек еткен адамның ақысын жемеген абзал. Жақсы ісімен көзге түссе, малдай болса да қосымша еңбегін беріп отырса, мал бағудан ешкім қашпайды деген ойдамын.

Бүгінгі күні ауылдық жерлерде шешімін табуда қиындық келтіретін мәселелердің бірі – мал бағу екені жасырын емес. Қиындығы мол жұмысқа адам табу жыл өткен сайын оңай болмай бара жатыр. Мал бағудан қашады деп көбінесе жастар жағын кінәлап жатамыз. Алайда, мал бағу жастар үшін қызықсыз. Өйткені алыс қыстақтарда электр желісі жоқ, газ тартылмаған. Олар да жас кезінде қызықты өмір сүргісі келеді. Кезінде үкімет малшыларға барлық жағдайды жасады. Отын үшін көмірлеріне дейін әкеліп берді. Автодүкен, мәдени-үгіт бригадасы малшыларды аралап, концерттерін қойды, кино көрсетті. Кеңшар басшылары үнемі сабарласып, газет-журналдарын жеткізіп тұрды. Ал, қазір қыс қыстауда, жаз жайлауда жүріп, мал бағудан қолы тимейтін малшы назардан тыс қалды. Қазір жастар түгіл орта жастағы отбасылы азаматтар да мал бағуға бармайды. Мал басын көбейтейін десең бағатын адам таптырмайды. Малшы жетпегеннен кейін малды өсіре алмайсың. Отбасымен тыңнан мал бағамын дегендерге сиыр, қой малдарын береміз, шөбі тегін. Кооперативтің малымен бірге жайылады. Жалпы, байқағаным еңбекке деген ынта азайып бара жатыр. Оны көтеру үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, малшыларды ынталандыру керек. Қазір жем-шөп дайындауға беріліп келе жатқан субсидияны қиып тастады. Міне, осы қаржыны алыс жайылымдарға мал

бағам дейтіндерге үш жақты келісімшарт жасау арқылы заңдас-тырып, үш-төрт жыл субсидия ретінде берген дұрыс. Сондай-ақ, алыс жайылымдарға электр желісін тартуды ұйымдастырса нұр үстіне нұр болар еді. Ақылы қоғамдық негізде жүргендерді де ауыл шаруашылығы бағытына тартса деген ойым да бар, дейді «Атамекен» шаруа қожалығының иесі Жарас Аманжол.

Мен малшының отбасында дүниеге келдім. Бауырларыммен бірге жас кезімнен қозы бағып, бұзау қайырып дегендей малмен бірге өстім. Қазір жоғары оқу орнын бітіріп келген маманмын. Бірақ мамандығым сәйкес жұмыс табылмағандықтан жұмыссыздар есебінде тұрмын. Қазір қырда отбасымның жанында мал шаруашылығына көмектесіп жүрмін. Түйіндемеді аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы өндіріс орындарына тапсырып қойдым. Мамандығым бойынша шақырып жатса жұмысқа кетемін. Себебі, қазіргі заманда қырда отырып мал бағу біз секілді жастарға қызық емес. Кешқұрым мал жайлап болған соң асыңды ішіп жата қаласың. Жанар-жағармай босқа кетеді деп электр моторды түнімен қосып қоя алмаймыз. Электр желісі болмағандықтан интернетке қосылып немесе теледидар да қарай алмайсың. Қатарларың ауылда, ауданда, қалада қызыққа кенеліп жүргенде ештеңе көрмей өтесің. Және де қойшының баласы қой бақсын деген заң жоқ. Олар да білім алып, заман ағымына ілесуі керек қой, дейді Мұрат есімді азамат.

Бәрін айт та бірін айт: Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптап ыстығында мал соңында жүру оңай емес. Сондықтан, зейнетінен бейнеті көп мал бағудан кім-кімнің де қашатыны анық. Алайда, кәсіптің оңайын таңдаймыз деп жүріп, ата кәсібіміз болған малшылықтан ажырап қалмайық. Әйтпесе, екі қолға бір күрек табыла бермейтін мына заманда күнкөрістің жақсаруы екіталай. Осыны кім-кімнің де түсінгені жөн.

Екінші бір орайы келген сауал дейміз бе? Ортаға тастар оймақтай ой дейміз бе? Еңбек адамдарына деген құрметтің ауылынан алыстамау. Мысалы, кезінде осы мал шаруашылығы өркендету жолында айшықты із қалдырған, таза еңбек адамы, Калинин совхозының озат аға шопаны, еңбек жолын Калинин атындағы совхозда малшы болып бастаған 1964 жылы КСРО-ның құрметті кітабына есімі жазылған. 1967 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауылшаруашылық қызметкері атағын алған. 1975-1977 жылдары ауданда малшы жастар бригадасын ұйымдастырып, қоғамдық мал басын өсіруде жеткен үздік табыстары үшін екінші рет «Ленин» орденімен, одан кейін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, Созақ аудандық мәслихаттың 5 наурыз 1977 жылғы сессиясының шешімімен «Созақ ауданының Құрметті азаматы», «Ленин» орденді, «Тыңға - 50 жыл» мерекелік медалінің иегері Бәйімбетов Қалы қарияға Шолақ-қорған ауылынан бір көшенің аты берілгенде сөздің тұздығы мен әңгімеміздің дәйегі мәнді болар еді.

Алайда бүгінгі таңда біз «Еңбек қоғамына-20 қадам» атты айдармен ауданымыздағы көзі тірісі бар, өмірден өткені бар ерен еңбек адамдарын дәріптеуді тоқтатпай келеміз. Ол да болса еңбек пәлсапасын жастарға терең насихаттаудың біз тапқан бір жолы ғана.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

ПРОЕКТ

ЖОБА

Об определении размера и перечня категорий получателей жилищных сертификатов по Созакскому району**Созак ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерімен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы**

В соответствии с пунктом 2 статьи 14-1 Закона Республики Казахстан “О жилищных отношениях”, приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 20 июня 2019 года №417 “Об утверждении правил предоставления жилищных сертификатов” (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №18883), Созакский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Определить размер жилищных сертификатов согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Определить категорию получателей жилищных сертификатов согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь районного
маслихата Б.Байғараев

Приложение 1 к решению
Созакского районного маслихата от
2022 года № _____

Размер жилищного сертификата

1. Размер жилищного сертификата в социальной помощи составляет не более 1 500 000 (один миллион пятьсот тысяч) тенге для каждого получателя.
2. Размер жилищного сертификата в социальной поддержке составляет не более 1 500 000 (один миллион пятьсот тысяч) тенге для каждого получателя.

Приложение 2 к решению Созакского
районного маслихата от
2022 года № _____

Перечень категорий получателей жилищных сертификатов

- 1) ветераны Великой Отечественной войны;
- 1-1) ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 1-2) ветераны боевых действий на территории других государств (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 2) лица, страдающие тяжелыми формами некоторых хронических заболеваний, перечисленных в списке заболеваний, утверждаемом уполномоченным органом в области здравоохранения (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 5) пенсионеры по возрасту (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 6) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 7) кандасы (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 8) лица, лишившиеся жилища в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 9) многодетные матери, награжденные подвесками “Алтын алқа”, “Күміс алқа” или получившие ранее звание “Мать-героиня”, а также награжденные орденами “Материнская слава” I и II степени, многодетные семьи (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 10) семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасении человеческой жизни, при охране правопорядка (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 11) неполные семьи (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах);
- 12) Специалисты бюджетных организации в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта и иных отраслей, на основе анализа “Об утверждении Правил формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов” утвержденных приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 29 марта 2019 года № 154 (Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 29 марта 2019 года № 18445) (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах).

Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңының 14-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №417 “Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы” (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18883 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Созак аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
хатшысы **Б.Байғараев**

Созак аудандық
мәслихатының 2022 жылғы
№ _____ шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификатының мөлшері әрбір алушы үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.
2. Әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификатының мөлшері әрбір алушы үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Созак аудандық
мәслихатының 2022 жылғы
№ _____
шешіміне 2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 1-1) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 1-2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 2) бірінші және екінші топтардағы мүгедектері бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 3) мүгедектері бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 5) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 7) қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 9) “Алтын алқа”, “Күміс алқа” алқаларымен наградталған немесе бұрын “Батыр ана” атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі “Ана даңқы” ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 10) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кестісіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін қатқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 11) толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 12) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 “Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы” бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18445 болып тіркелген) сәйкес, қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және де өзге де салалардағы мамандар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

БЖЗҚ**Сұраңыз, жауап береміз**

-Сәлеметсіз бе! Уақытша қиындықтарға байланысты менің жұмыс берушім біраз уақыт жамақ төлемеді. Егер мен ресми түрде жалданым жұмыс жасасам, алдыңғы айларда өзіме міндетті зейнетақы жарналарын аудармамын ба? Мен алғым келетін несиеңі мақұлдағанды қалаймын.

-Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар салымшының агенті, яғни жұмыс беруші аудару арқылы төлейді. Бұл ретте “Азамат-

тарға арналған үкімет “мемлекеттік корпорациясы” коммерциялық емес акционерлік қоғамына аудару арқылы өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын мынадай жеке тұлғалар ғана төлей алады:

- жеке кәсіпкерлер;
 - жеке нотариустар;
 - жеке сот орындаушылары;
 - адвокаттар;
 - кәсіби медиаторлар;
 - азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар;
 - бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер.
- Осылайша, егер сіз жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпасаңыз, онда МЗЖ есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотын өз бетінше толтыру мүмкін емес.

«Созак үні»-ақпарат.

Жеке кәсіпкерлер назарына!**ХАБАРЛАНДЫРУ****Созак ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» №120-VI ҚРЗ Кодексінің 166-бабына өзгерістер енгізілуіне байланысты, 166-бабының 7-тармағының талаптарына сәйкес, бақылау-кассалық машинасының чегінде сатып алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) енгізілуі тиісті болып табылады. Осы талапты орындау мақсатында, Мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген бақылау-касса машинасының дерек қорын қайта тіркеуден өткізу қажет. Қайта тіркеуден өткізу электронды цифрлық қолтаңба арқылы жүргізіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефоны: 4-23-94.

Созак ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Жемқорлықпен күрес жүйелі жүргізілуде

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық» індет, оны жою міндет, демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудандық салық басқармасының қызметкерлері бұзған жағдайда 2-15-60, 4-12-94 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

Бағдат ТАСБОЛАТОВ,
Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әже, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Мырзабеков Алтай Раймбекұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Мейір шуақ шашып өттің көңілден, Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден. Сыйлы едің көпшілік жүрт, тұысқа, Өнеге ап өстің ұрпақ өзіңнен. Енді Алла шапағына бөленіп,

Орының болсын жәннаттың кең төрінен, - деп, асыл әкеміз Алтай Раймбекұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 20 тамыз күні (19 тамыз – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұлдары - Нұрсұлтан, Берік.

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы

Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, аяулы жар **Кенішбекова Шакизада Оспанбайқызы** анамыздың бақылық болғанына жылдың жүзі болып қалды. Аяулы анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Ұл-қызыңа қадірлі едің ардақты, Жана анамыз құрметті де салмақты. Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы, Жан едің сен өнегелі жан-жақты. Ұмытпаймыз ана сізді мәңгіге,

Таусылмайды өзің жайлы әңгіме, - деп, анамыз Шакизада Оспанбайқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 13 тамыз күні (12 тамыз – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Ү.Тастанов көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы - Құлахмет, ұлдары мен қызы, немерелері, Қожан әулеті.

Аудандық ардагерлер Кеңесі Ақсұмбе ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы

Жораев Нарынбайдың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бүгінгі таңда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бағытындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар

ымырасыз күрес тоқтаусыз жүргізіле береді. Алайда, азаматтардың осы әрекеттерден бойын аулақ салуы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды. Осы бағытта сыбайластық қылмыстары үшін жазалар қатаңдатылып, заңнамалар жетілдірілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам-

мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу заңмен жазаланады.

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің

Жемқорлыққа жол бермейміз

үздіксіз жүргізіліп келеді. Әлем өркениеті қарыштап даму барысында жемқорлық қылмысы да түрленіп қанат жаюда. Мемлекеттің дамуын тежейтін осы қылмыстың жолын қалай кеспек керек? Түп тамырымен жоюға мүмкіндік бар ма? Осы мәселені түбегейлі шешу жолында әлем елдері барлық мүмкіндіктерді қарастыруда. Өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары қоятын-дар сыбайластық іс-әрекеттерін жүзеге асырып, мемлекеттің дамуын тежеуде. Сыбайлас жемқорлықпен

дардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер

дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық әрекеттерін айыптап, мемлекеттік функцияларды мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін мүлтіксіз орындау қажет.

Оразхан ЕРМАХАН,
Қаратау ауылының әкімі.

Орманды алқапты өрттен қорғайық

Қазіргі уақытта тамыздың шы- жыған күндерінде көптеген жеке азаматтар ыстықтап, ұйымдасып тау баурайына сөйілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Мұрат ШЕШЕНҚАРАЕВ,
Шолақорған орманшылығының орман күзетші-қорықшысы.

Жаздың аптапты шілдесі мен шіліңгір күндері көптеген жеке азаматтар болсын, ұжымдастар болсын ұйымдасып тау баурайына сөйілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның салдарынан таулы ай-

жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын от-

Алқапқа абай болыңыздар!

мақта, орманды тау баурайларында, тіпті төменгі өзен салаларында орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға

тегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Серік ӘЛИЕВ,
Созақ орманшылығының орман шебері.

Өңіріміз өртке оранбасын

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі-ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Орман өртінен сөндіру үшін көбіне табиғи кедергілер-өзен, жыра, батпақ, жол, арнайы жасалынған орман аралық ағашсыз жолақтар пайдаланылады (енін 1-2 м етіп жыртады). Қарсы от салып та тоқтатылады. Күшті өртке қарсы арқылы жоғарыдан су, химикаттар шашады. Орман өрттерінің негізгі үш түрі бар: төселе өртейтін өрттер, шарпи өртейтін өрттер және дауылды өрттер. Төселе өртейтін өрттер немесе топырақ өрті деп орман төсенішін, топырақ үстіндегі тірі организмдерді, орман маңындағы алаңдарды жалмайтын өртті айтамыз. Төселе өртейтін өрттер құнарлы заттарды жояды, экологиялық жүйеге залал келтіреді. Шарпи өртейтін өрттер ең қауіпті өрт болып саналады. Оған бұндай атау ағаштардың үстімен жүріп өтетіндіктен, яғни ағаш жапырақтарын жалмайтындықтан берілген.

Алмат МЕЙІРБЕКҰЛЫ,
Созақ орман шаруашылығы орман қорықшы-күзетшісі.

Ұстаз жүрегі ерекше соғатын, адамзат баласының болашағына ерекше алаңдайтын бірден бір тұлға десек, сол ұлы жолда тынымсыз еңбек етіп жүрген құрметті жанның бірі Ештаев Берік Алпанұлы деп мақтанышпен айта аламын. «Абай» атындағы жалпы орта мектебінде 20 жыл бойы үздіксіз басшылық лауазымын аса зор жауапкершілікпен атқарып, әрі ұстаздық қызметінде де абыройлы жұмысы өзгеге өнеге болған, апталдай азамат. Қарт Қаратаудың қойнауында 1959 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында «Сарыжаз» елді мекенінде дүниесігін ашқан азаматымыз, есейіп, ержетіп 1975 жылы Созақ ауданында Панфилов орта мектебін бітірген соң алғаш еңбек жолын 1975-1976 жылдары Киров бөлімшесінде киномеханиктің көмекшісі болып бастайды. Одан оңы мен солын еңбек арқылы таныған балаң жігіт 1976-1981 жылдары Шымкент қаласындағы педин-



Ауылдың жай-күйімен танысады.

Берік ағай кейінгі жылдары ауыл әкімі қызметін атқарды. Ол уақытта да ауыз су мәселесі, жер, тұрғын үй, мал тұқымын асылдандыру, ауыл шаруашылығын дамыту сияқты түрлі жұмыстардың басында жүрді. Әрине, ұстаздық біліммен ұйымдас-тырушылық, ауыл және мал шаруашылығы деген үлкен мектепті салыстыру келмейді. Десе де жан жақты ізденімпаздығы мен сауаттылығының арқасында Берік ағамыз ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында серпінді жұмыс жасады, дейді ізбасар інісі, ауыл әкімі Манас бауырымыз.

Тасты ауылы аудан орталығынан шалғайда жатқан, тіпті нақтырақ айтсақ Бетпақдаламен шектесер шекарада орналасқан қияндағы ауыл. Ол жердің табиғаты, қаһарлы қысы мен аптап ыстықты жазына, кермек дәмді ащы суына кез келген адам баласының шыдас беруі

Еңбегін елі сыйлаған, жаны жайсаң, сыйлы адам

ституттың «Еңбек және физика» факультетін үздік тәмамдап, 1981 жылдың қыркүйек айынан «Тасты» ауылындағы Абай атындағы орта мектебінде алғашқы ұстаздық қызметін бастап кетеді. Сол жылдың қараша айынан бастап Қаратау совхозы комсомол ұйымының хатшысы қызметіне тағайындалады. 1983-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери міндетін өтеп қайтады. Берік Алпанұлы 1985 жылдан бастап алғаш ұстаздық еңбек жолын ашқан Абай атындағы орта мектепке оралып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1994 жылдан мектеп директоры, 2012 жылдан бастан Тасты ауыл округінің әкімі

төсбелгісімен, ҚР Конституциясының 20 жылдығы төс белгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет грамотасымен», облыс, аудан әкімдерінің, аудандық мәслихат хатшысының, аудандық білім бөлімінің, «Аманат» партиясының алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Асыл жар, аялы әке, ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Құдай қосқан қосағы Айымкүл апай да осы Бақырлының аруы. Мектеп қабырғасында бізге ағылшын тілі пәнінен сабақ берген ұлағатты ұстаз. Айымкүл апай тұрмысқа шықпаған бойжеткен кезінде оқу орнын бітіріп келе салысымен Ф.Энгельс атындағы орта мектебіне жұмысқа орналасып талай шәкірттің санасын

жұмыс істеп келеді. Шәкірттері аудандық, облыстық өнер фестивалінің жүлдегері атанған. Облыстық кіші ғылыми жобаларға қатысып талантын ұштап жүрген шәкірттердің тәлімді ұстазы. Жоғары санаттағы тәжірибелі маман. Көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталған. Білім және ғылым министрлігінің мақтау қағазымен, аудан, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың алғыс хаттарымен, аудандық, облыстық білім басқармасының бірнеше мақтау қағаздарымен, дипломдарының иегері. Отбасындағы екі ұл мен екі қыздың және үш немеренің сүйікті атасы мен әжесі.

мүмкін емес. Сол табиғаттың қатал сынына Берік пен Айымкүл ұстаздар шыдамдылық танытты, сабырлық көрсетті. Бүгінде сол ащы күндердің тәтті жемісін жеп отырған жайы бар.

Асқаралы алпыс жастан асып, қазақ халқында Пайғамбар жасы деп аталатын жасқа айдын көлде жүзген қос аққудай бірге келген қос ұстаздың өнегелі де өрнекті жолы кейінгі жас ұстаздар қауымына үлгі боларлықтай жол. Қазіргі замандағыдай «Маған үй бересіңдер ме?», «Маған қосымша ақы төлейсіңдер ме?», «Бізге нендей жеңілдіктер беріледі?» деп оқып келген міндетсіз жөңіріп жатқан сенім артып, жолдама берген жағына барып тастай сипіп, судай батып, елмен бірге елеңдеп, жұртпен бірге жұмыла жұмыс жасаған осындай азаматтарға шексіз разы боласың. Қазір мүмкіндік мол шығар, ал бірақ сол сексенінші жылдары Тасты деген ауыл қу мекиен даладағы, құмды жалдың ішінде, көп жаңалық пен заманауи тіршіліктен хабарсыз жатқан шалғайдағы ауыл болатын. Дискотека, кафе деген мүлде жоқ. Ілуде айына, екі-үш айда бір соғатын кино, көшпелі кітапхана, мәдени қызыл отау шаралары болмаса кісі тұратындай, тұрақтайтындай ауыл емес екені анық. Әсіресе жастар жағы шалғайдағы ауылға баруға құлықсыз болды. Міне, сол ауылда мәнді де мағыналы жылдарын өткізген, сол ауылдың қара көз балаларының санасын зерделеген, көзін ашып білім жолына бағдарлам болып жанған қос ұстаз бүгінде сол алғыс пен ақ батаның арқасында өсіп өніп отырған берекелі де құтты шаңырақ. «Шуға, Тастыға, Жуантөбеге зәру мамандығы бар дәрігер керек, мынадай пәннен сабақ беретін ұстаздар керек» деген мәселенің шет жағасын естіп жатамыз. Алайда мамандығым мақтаным деп ерікті түрде ағылып кетіп жатқан жігерлі жастарды көрмейтін болдық.

Әрбір ісі мен өнегелі өрелі жолы өскелең ұрпаққа үлгі боларлық осындай ұстаздарымызбен қашанда мақтанайша боламыз.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



болып 2017 жылдың тамыз айына дейін қызметін атқарады. 2017 жылдан Абай атындағы орта мектепте шеберхана меңгерушісі, 2022 жылдан бастап зейнет демалысына шығады.

Отбасында 4 бала тәрбиелеп отыр. Жолдасы Қалдыбай Айымкүл 2017 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста.

Күш қайраты тасыған қажырлы азамат өзінің ізденімпаздығы арқасында мектеп директорылығынан, ауыл әкімі лауазымына дейін көтерілді. Білім саласындағы сапалы да, саналы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің үздігі»

зерделеді.

Қалдыбай Айымкүл Отарбекқызы 1958 жылы 9 желтоқсанда Созақ ауданы Қаратау ауылында туылған. Ауылдағы И.В.Панфилов атындағы орта мектепті, одан Алматы шет тілдері институтының ағылшын тілі факультетін ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. 1983 жылы Ф.Энгельс атындағы кеңшардың Ф.Энгельс атындағы орта мектебінде бір жылға жуық мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Айымкүл апай 1984 жылы Тасты ауылындағы Абай атындағы орта мектепке мұғалім болып ауысып барады. Сол уақыттан бері жас ұрпаққа тәлім мен тәрбие беріп

Берік ағамыз мектеп директорылығы қызметіне заманымыздың қиын тұсында келді. Зейнетақы мен ұстаздардың айлық жалақылары айлар бойы жиналып, қордаланып қалған, ұстаздар қауымы мектепті тастап ала дорба арқалап базарға кетіп жатты. Базарға шықса әйтеуір күнделікті ішіп жемдеріне азын аулақ ақша тауып келеді. Мұғалімдердің алды Алматы, Түркістан, Шымкент сияқты қалалардың базарлары арасында сандалып жүрді. Өзінің сонау балалық шағынан бастау алған асқақ арманы-ұстаз болуды қалаған Берік пен Айымкүл ала дорбадан ұстаз деген ұлы мамандықтың ара жігін ажырата биік ұстады. «Көппен көрген ұлы той» демекші сол өздері алғаш еңбек жолын бастаған алтын ұяның ыстығы мен суығына бірге күйіп, бірге мұздады.

«Берік ағай мен Айымкүл апай біздің ардақты ұстаздарымыз. Бізге мектеп қабырғасында сабақ берді. Білгендерін үйретті. Үлкен өмір жолына оң сапар тілеп аттандырып, кейін мектеп қабырғасында ағалы-інілі әріптес болдық. Бірақ ол кісінің ұстаздық ұлы тұлғасы қашанда биіктен мен мұндалайтын. Қазіргі таңда ағай зейнет демалысында, біздің мектептің Құрметті директоры, аса қадірлі қонағы саналады. Ауылға арагідік келе қалса, алдымен ауыл әкімдігіне, мектепке соғады.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

**Директордың міндетін
уақытша атқарушы:**
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.